ВИРТУАЛДЫ ӘЛЕМ

СВЕТЛАНА РАТМАНОВА
педагогика ғылымдарының кандидаты,
ҚР БҒМ РҒПК ғылыми қызметкері

Әлем болғандай, XXI ғасыр жаңа ақпараттық технологиялардың қарқынды өсуіне, қолданылуы мен кеңінен таралуына байланысты жаңа ақпараттық технологиялар ғасыры деп танылып отыр. Тиісінше бұл процесс мәдени-білім беру процесінде жаңа қашықтан жұмыс істеу түрінің пайда болуына түртті болды. Қашықтан жұмыс істеу сыртқы мәдени-білім беру өнімдерін жасауға және электрондық ортадағы мәдениет және білім беру субъектілері аясының кеңеюіне бағытталған кеңістік-уақыт қашықтығында техникалық құралдардың көмегімен іске асырылады.

Қашықтан жұмыс істеу шын мәнінде дәстүрлі жұмыс процесінің баламасы болып табылады, сонымен бірге олардың лайықты аналогы болып танылады. Бірқатар жағдайларда, мәселен, жаһандық карантин жағдайында, кітапханада төтенше жағдайлар кезінде өз қызметін тоқтатпаған виртуалды театрлар, кинотеатрлар, музейлер, көрмелер, галереяларға ұқсас бір минут та тоқтамайтын жұмыстың әдеттегі шеңберлері сәтті алмастырылуда. Бір сөзбен, мәдениет және білім саласы төтенше жағдайлар кезінде уақытпен де, кеңістікпен де шектелмеген үздіксіз қызметтің ең қажетті салалары болып табылды.

Сонымен бір мезгілде қашықтан қызмет көрсету кітапхана-библиографиялық және ақпарат қызметін көрсетуді оңтайландыруға және тиісті кәсіби инновацияларды ендіруге септігін тигізеді.

Мәселен, ҚР БҒМ РҒПК ғылыми-әдістемелік бөлімшесінің қызметкелері карантин кезеңінде(2020 ж. наурыз айының соңы-сәуір-мамыр айының басы) әдеттегідей өздерінің жұмыс орнына келмеуге мәжбүр болды. Алайда бұл олардың қол қусырып қарап отырғанын білдірмейді. Керісінше, мұндай жағдайларда олардың өндірістік-функционалдық белсенділігі одан сайын арта түсті: анықтамалар, пайдалы өндірістік кеңестер мен ұсынымдар ерікті, саналы түрде беріліп, қарамағындағы кітапхана желісіндегі әріптестерге консультациялық көмек көрсетілді. Осы мақсатта сан алуан жұмыс түрлері мен техникалық құралдар: zoom, ұялы байланыс, скайп, электрондық почта, видеоқоңырау, видеосабақ, facebook, whatsapp мессенджері, жай телефон кеңінен қолданылды. Мәселен, қарамағындағы кітапханалардың әріптестері РҒПК ғылыми-әдістемелік бөлім-

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ КЕЗІНДЕГІ ҚАШЫҚТАН ЖҰМЫС ІСТЕУ: ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕ ЖӘНЕ БОЛАШАҚ ҮРДІСТЕР

шесінің қызметкерлеріне бірнеше мәрте хабарласып, түгендеу кітабын қалай жүргізуді, жаңа түсімдерді дәстүрлі және электрондық нұсқадағы жиынтық есеп кітабына қалай жазуды, MARC SQL бағдарламасымен қалай жұмыс істеуді және т.т. нақтылады.

Ғылыми-әдістемелік бөлімшенің басшысы А.Б. Емишова эксперимент жүргізіп, өндірістік-практикалық сипаттағы материалды ұялы телефонда видеомен ұштастырып, түсіндірудің әдеттегі барысын қолданды, өйткені кітапханашылар материалды ауызша баяндауға әркез жылдам әрі анық бағдарлана бермейтіндіктен, оны көрнекі, әрі аса ұғынықты түрде баяндауға тура келді.

Педагогикалық жұмыстың сан алуан тәсілдері (zoom) мен түрлерін (шебер-сынып, online–курс) пайдалану түрлі деңгейдегі

білім беру мекемелерінің кітапханашыларының жұмысқа және құзыреттілігін арттыруға қажетті мәліметтерді насихаттауға мүмкіндік берді. Оларға ҚР БҒМ РҒПК әзірлеген нормативтік-регламенттеуші құжаттардың негізгі ережелері түсіндірілді. Бұл орайда, ҚР БҒМ РҒПК әдіскерлерінің бір мезгілде педагог мәртебесін іске асырғанын атап көрсетеміз. Қашықтан жұмыс істеу жағдайындағы өндірістік қызмет тек техникалық қана емес, сондай-ақ шығармашылық және мазмұндық аспектілерді табыспен іске асыруға септігін тигізеді. Бұл «Жоғары оқу орындарының оқу кітапханаларында қашықтан кітапханалық-библиографиялық қызмет көрсету» зерттеуінің жаңа бағдарламасын әзірлеуде анық көрінді. Карантин кезінде, дәл үй жағдайында, ұжыммен қатысуға мүдделік, жігерлілік, энтузиазм, проблеманы бірегей шешуге деген талпыныс байқалды. Әдебиеттерді талдау көрсеткендей, бүгінгі таңда қарастырылып отырған тақырып бастапқы зерттеме кезеңінде, сапалық жаңа өзге ақпараттық келешектің өскіндері қалыптастуда.

Біріншіден, тақырыптың ықтимал өзектілігіне қарамастан, бұл тұрғыдағы ғылыми зерттеулер саны анық жеткіліксіз, зерттеулердің қарқыны талай жақсартуды талап етеді.

Екіншіден, іс жүзінде негізінен қашықтан кітапхана-библиографиялық қызмет көрсетудің және өзара әрекеттестіктің жекелеген блоктары жұмыс істейді, еліміздің оқу кітапханаларының қашықтан білім берудің дамуына үлесі талданбаған.

Үшіншіден, кітапхана-библиографиялық қызмет көрсету барысында іске асырылатын күнделікті бақылаулар, пайдаланушылардың реакциясы бұл тұрғыда мүлдем зерттелмеген. Аталған аспектілер, біздіңше, қашықтан жұмыс істеу және кітапхана-ақпарат қызметін көрсету барысында қосымша зерделеуді және мақұлдауды қажет етеді.

Қашықтан жұмыс істеу жүйесі көптеген құрамдастардан құралады: қатысушылардың ақпараттық технологиялар кешенін және олармен жұмыс істеуді меңгеру деңгейі, электрондық кітапханалардың болуын қоса алғанда, тиісті техникалық платформаны таңдау, оларды оқу кітапханасының қорына байлау, олардың жұмыс істеуі мен пайдаланудың тиімділігі, жекелеген компьютерлік технологияларды ендіруден оларды кешенді пайдалануға көшу.

Осы орайда кітапхана қызметкері педагогтың, тьютордың функцияларын атқарады, өйткені виртуалдық оқу кітапханасының пайдаланушыларына ақпараттық технологияларды меңгеру, қажетті ақпаратты іздеу, өңдеу, қорыту негіздерін үйретеді; оқытудың жаңа жағдайларында кітапханашы-консультант, дұрысы, оқушының, оқытушының және кітапхана қызметкерінің арнаулы кабинеттерінің жұмыс істеуінде өзара байланысты реттейтін үйлестіруші міндеттерін атқаратын болады. Қазіргі кезде ҚР БҒМ РҒПК оқу кітапханаларының ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік және үйлестіру орталығы ретінде қашықтан оқытуды ендіру және шекараларын кеңейту жөніндегі тақырыптық зерттеулерді әзірлеуге

және жүргізуге дайындаумен шұғылдануда. Келешек зерттеудің мақсаты: оқу процесін қашықтан оқыту жүйесі арқылы ақпараттық-кітапханалық сүйемелдеудің проблемалары мен жетістіктерін талдау.

Алдағы зерттеудің нысанасы – білім беру ұйымының түрлі деңгейлердегі оқу кітапханасы мен оның пайдаланушысы, зерттеудің мәні – қашықтан оқыту жағдайында электрондық кітапхана-библиографиялық қызмет көрсету.

ҚР БҒМ РҒПК жаңа зерттеуінің міндеттері дәл осы мақалада белгіленген мәселелердің шешіміне, сонымен бірге пайдаланушылардың, жұртшылықтың және оқу кітапханалары қызметкерлерінің атап айтқанда жоолар кітапханаларының тікелей қатысуымен қашықтан жұмыс істеудің мүмкіндіктері, артықшылықтары, келешектері туралы түсінігін кеңейтуге бағытталған.

Жаңа зерттеудің барысында қашықтан оқу кітапханасының және кітапхана-ақпараттық қызмет көрсетудің үлгісін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірленетін болады. Алдағы зерттеудің нақты маңызы сауалнаманың жұмыс сауалдарын әзірлеуде және өзектендіруде байқалады, мәселен: кітапханашының, оқытушының, пайдаланушының жеке кабинетіндегі жұмыстың мазмұны мен барысы, олардың органикалық және технологиялық өзара байланысында; оқу кітапханасын пайдаланушының қашықтан оқыту қызметтеріне қанағаттанғандық дәрежесі және оның кітапхана-библиографиялық және ақпарат қызметін көрсету сапасына әсері, оқу кітапханасының қашықтан қызмет көрсетудегі және оқытудағы рөлі мен жұмысының мазмұны, оқу кітапханасының жаңа оқу құрылымы ретіндегі бейнесі, келешектегі оқу процесіне қатысты алғанда ақпарат көздерінің басымдығы, кітапхана қызметкерінің, педагогтың және білім алушының арнаулы кабинетінің кіріктірілген жұмыс істеу моделі және т.б.

Қашықтан және өндірістік қызмет моделі таяудағы карантин жағдайында белгілі бір дәрежеде өзінің өміршеңдігін байқатты деп есептейміз, ал бірлескен факторлар: оқыту + білім беру + тәрбиелеу + ағарту + ақпарат сауаттылық деңгейі + жүйенің технологиялылық деңгейі мен пайдаланушылардың оған бейімделуі + оның кітапханашы-педагогпен, зерттеушімен қашықтан органикалық өзара әрекеттестігі мен жоғары нәтижелілік деңгейі табысты, жоғары сапалы жұмыстың жаңа формуласын құрайды.

Осы мақала жарияланғаннан кейін басқа кітапхана-ақпараттық құрылымдардың төтенше өндірістік жағдайлардағы қызмет етуі және қашықтан оқытуды меңгеруі жөніндегі жұмыс тәжірибесін ашып көрсететін материалдар пайда болса, нұр үстіне нұр болар еді.

**ҚР БҒМ РҒПК – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасы*